

Есіл өзенінің су ағысын реттеу жөнінде ұсыныстар әзірлеу үшін жұмыс тобын құру туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2012 жылғы 7 тамыздағы № 145-ө
Өкімі

Елорданың әкімшілік шекаралары шегінде Есіл өзенінің гидрологиялық режимін жақсарту, сондай-ақ Астана қаласын ауыз сумен орнықты қамтамасыз ету жөнінде ұсыныстар әзірлеу мақсатында:

1. Мынадай құрамда жұмыс тобы құрылсын:

| | | |
|---|---|---|
| А х м е т о в Серік Нығметұлы | - | Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің бірінші орынбасары, жетекші |
| Т о л ы б а е в Марат Еркінұлы | - | Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы вице-министрі |
| Ш о л п а н қ ұ л о в Берік Шолпанқұлұлы | - | Қазақстан Республикасының Қаржы вице-министрі |
| Е с к е н д і р о в Абай Мұқашұлы | - | Қазақстан Республикасының Экономикалық даму және сауда вице-министрі |
| М ұ х а м б е т о в Мирлан Бегежанұлы | - | Қазақстан Республикасының Қоршаған ортаны қорғау вице-министрі |
| К р ы л о в Василий Леонидович | - | Астана қаласы әкімінің орынбасары |
| А й т м ұ х а м е т о в Қосман Қайыртауұлы | - | Ақмола облысы әкімінің бірінші орынбасары |
| С а й д у а қ а с о в Мұрат Ашметұлы | - | Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технологиялар министрлігінің Геология және жер қойнауын пайдалану комитеті төрағасының міндетін атқарушы |
| Г а л и е в Владислав Германович | - | Қазақстан Республикасы Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері агенттігі төрағасының орынбасары |
| Ш к а р у п а Анатолий Валерьевич | - | Қазақстан Республикасы Табиғи монополияларды реттеу агенттігі төрағасының орынбасары. |

2. Жұмыс тобы бір ай мерзімде елорданың әкімшілік шекарасы шегінде Есіл өзенінің гидрологиялық режимін жақсарту және Астана қаласын ауыз сумен орнықты қамтамасыз ету жөніндегі іс-қимыл жоспарын әзірлесін және Қазақстан Республикасы Үкіметінің қарауына енгізсін.

3. Осы өкімнің орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің бірінші орынбасары С.Н. Ахметовке жүктелсін.

Премьер-Министр

К. Мәсімов

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК